

**Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының  
«Бейнеу көпбейінді орталық аудандық ауруханасы»  
шаруашылық жүргізу құқығындығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**ХАТТАМА № 1**

**Бейнеу ауылы**

**27.03.2024 жыл**

**Өткізілген орны:** Бейнеу ауылы, Тобанияз көшесі, 1Д, конференц зал

**Жиналыс төрағасы:** Б.Абдуллаев – аурухана директоры

**Жиналыс хатшысы:** С.Тотыева – хатшы

**Қатысқандар:** аурухана директорының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер және медбикелер

**Күн тәртібінде:**

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын-алу бойынша жүргізілетін жұмыстар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға жауапты маман Р.Абдуллаева 2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша жоспармен таныстырып өтті. Биылғы жылдың маусым – шілде айында аурухана бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетіні хабарланды.

Сонымен қатар аурухана бойынша қызметкерлердің 2023 жыл қортындысы бойынша декларация тапсыру жұмыстары жүргізілді.

Аурухананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша комплаенс офицерімен, кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызметтер туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясат, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ереже, сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы нұсқаулық талаптарын сақтауды және аталған нормативтік акттерді орындауды атап көрсетті.

Кәсіпорын бойынша қызметкерлерді «Бейнеу көпбейінді орталық аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК медицина қызметкерлерінің әдеп кодексімен таныстыру жұмыстары жүргізіліп, әрбір бөлімшелер қызметкерлерімен аталған кодекс тармақтары орындалуы тиіс екендігі атап көрсетілді.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпарат тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберіліп отырады.

Сөз сөйлеген аурухана директоры: Б.Абдуллаев: қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану, асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған қортында беру, жалған жауап беру, жауап беруден жалтару т.б. қылмысқа итермелейтін фактілерге жол бермеуіміз қажет. Ұжымы арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу, сонымен қатар мәдениетті қалыптастыру біздің басты мақсатымыз болуы қажет.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын-алу бойынша жоспарға сай өткізілетін алдағы жұмыстарға ұжым болып ат салысайық.

**Жиналыс төрағасы:**

Б.Абдуллаев

**Жиналыс хатшысы:**

С. Тотыева